



16 ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ !!!



Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелерінің басшысы С.Берікқожа, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің кітапхана қорына “ӘулиеАта жастары” атты кітапты сыйға тартты.



Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 214 топ студенті Қайырбаев Арман Ғабитұлына К.Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясындағы азаматтық белсенділігіңізбен киелі сахна төрінде қазақ өнерін насихаттап, цирк жанрына зор үлес қосып жүргені үшін Алғыс хатпен марапатталды.



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы. Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің 30-жылдығына орай, білім беру жүйесін дамытуға және өскелең ұрпаққа тәрбие мен білім берудегі қол жеткізген табыстары үшін колледж оқытушысы Ж.Б.Бегалиев Құрмет Грамотасымен марапатталды.



«Томск медициналық колледжі» облыстық мемлекеттік бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесі. Ресей ғылымы күніне арналған VII аймақаралық ғылыми-тәжірибелік студенттік конференцияға колледждің 117ЕФ-9/21 топ студенті Асылжан Бауыржанұлы, "Математиканың медицинада қолдану салалары" тақырыбы бойынша қатысып, Сертификатқа ие болды. Жетекшісі: К.К.Сарыбаева.



«Томск медициналық колледжі» облыстық мемлекеттік бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесі. Ресей ғылымы күніне арналған VII аймақаралық ғылыми-тәжірибелік студенттік конференцияға колледждің 115СД-9/21 топ студенті Саварқұл Нұрсұлтан, "Тараздың экологиялық мәселесі. Фосфогипс" тақырыбы бойынша қатысып, II Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшілері: Е.С. Бақыт, Б.А. Сағындықова.



Республикалық білім беру орталығы "Білім". Орыс тілі және орыс әдебиеті пәні бойынша "Яссауи" атты Қожа Ахмет Яссауиға арналған оқушылар және студенттер арасындағы қашықтықтан өткізілген I Республикалық пәндік олимпиадасына, колледждің 112М-9/21 топ студенті Ақбота Манатбек, қатысып I Дәрежелі Дипломмен марапатталды.



Республикалық білім беру орталығы "Білім". Орыс тілі және орыс әдебиеті пәні бойынша "Яссауи" атты Қожа Ахмет Яссауиға арналған оқушылар және студенттер арасындағы қашықтықтан өткізілген I Республикалық пәндік олимпиадасына, колледждің 112М-9/21 топ студенті Айтолған Еркебай, қатысып I Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: А.О.Бейсенбаева.



Республикалық білім беру орталығы "Білім". Биология пәні бойынша "Яссауи" атты Қожа Ахмет Яссауиға арналған оқушылар және студенттер арасындағы қашықтықтан өткізілген I Республикалық пәндік олимпиадасына, колледждің 106М-9/21 топ студенті Мейрамурад Айханым қатысып I Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: А.Т.Көбегенова.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 ЖОЛДАУ

ҚР Президенті Қазақстан халқына «Жолдауын» колледждің оқытушылары мен студенттер арасында насихаттау.

2 МАМАНМЕН КЕЗДЕСУ

«Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында гинеколог-дәрігерімен және Қонаев атындағы кітапхана қызметкері студенттермен кездесіп, дәріс оқыды.

3 КӘСІБИ САЙЫС

«Үздік мейіргер-2022», «Үздік акушер-2022» және «Үздік фельдшер - 2022» атты колледжішілік кәсіби сайыстар.

4 "WORLD SKILLS JAMBUL - 2022" ОБЛЫСТЫҚ КӘСІБИ ЖАРЫС

«Медициналық және әлеуметтік күтім» құзыреттілігі бойынша «WORLD SKILLS JAMBUL - 2022» облыстық кәсіби шеберлік чемпионаты өтті.

5 САЙЫС

"Birikken Medicina Jastary" ұйымы ұйымдастырған I курс арасында "Медицина әлемі" атты сайысы.

6 ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

«Сыбайлас жемқорлықпен күрес - баянды болашақтың кепілі» тақырыбында дөңгелек үстел.

7 АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

8 АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

«Болашақ» арнайы мектеп - интернаты оқушылары колледждің тыныс тіршілігімен танысты.

9 АКЦИЯ

Рамазан айында студенттер теміржол, көлік тұрақтарының жолаушыларына ауыз ашар уақытына құрма мен су таратты.

10 КЕЗДЕСУ

«Көрікті ойдан-көркем сөз» тақырыбында студенттермен «Coworking» орталығындағы кездесу.

11 ТӘРБИЕ САҒАТЫ

«Қазақстан Туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі, Әнұранымен айбатты» тақырыбында Р.Қ.Тұрсынбаева тәрбие сағатын өткізді.

12 ЭССЕ БАЙҚАУЫ

«Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не?» тақырыбындағы эссе байқауы.

13 ТРЕНИНГ

«Біз бір командамыз!» тақырыбындағы тренинг.

14 КЕЗДЕСУ

«Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы тақырыбындағы кездесу.

15 ҚҰТТЫҚТАУ!!!





1 | ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ХАЛЫҚҚА КЕЗЕКТІ ЖОЛДАУЫ



16.03.2022 ж. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңару жолы» жолдауын талқылап, колледж оқытушылары мен студенттері онлайн режимінде көрді. Жиналыс соңында №1 әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдiк әдiстемелiк комиссиясы оқытушылары «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңару жолы» жолдауын талқылап, колледж оқытушылары мен студенттеріне насихаттады.

2 | МАМАНМЕН КЕЗДЕСУ



09.03.2022ж. Колледждiң тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында гинеколог-дәрігер А.Қ. Құралжанның қатысуымен I курс студенттеріне дәріс оқылды. Мақсаты:

Студенттерге ерте жастағы жыныстық қатынастың қаншалықты зиян екенін және жүктіліктің алдын алу жолдарын түсіндірді. Жыныстық қатынас арқылы түрлі инфекциялық аурулардың жұғатынын, оның болашақ ана үшін өміріне төніп тұрған қауіп екендігін ашып айтты. Жауаптылар: психолог: А.М Божбанбаева, «Балауса» - қыздар клубының жетекшісі: А.Б Амангелдиева.



16.02.2022ж. Колледжде тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығы» тақырыбында гинеколог акушер маманы А.Қ. Құралжанның қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Мақсаты:

студенттерге ерте жастағы жыныстық қатынастың зияны және жүктіліктің алдын алу жолдарын түсіндіру сонымен қатар гигиеналық тазалыққа баса көңіл бөлу жайында ашып түсіндірді. Жауаптылар: психолог А.М Божбанбаева, «Балауса» - қыздар клубының жетекшісі: А.Б Амангелдиева.



18.03.2022 ж. Колледждiң тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Рухани-адамгершілік бағытындағы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 110-жылдығына арналған дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге қонаққа қаламыздың Қонаев атындағы кітапхана қызметкері М.С.Төрежанова келіп, қатысты. Өткізген оқытушы: Ғ.А. Сыздықова.

3 | КӘСІБИ САЙЫС



14.03.2022 ж. Колледждiң №1 арнайы пәндер ЦӘК-ің оқытушылары Б.С.Мадимарова мен Н.М.Нұрмашевтың ұйымдастыруымен «Емдеу ісі» мамандығы, біліктілігі «Фельдшер». III-IV-курс студенттері арасында «Үздік фельдшер - 2022» кәсіби сайысы өткізілді.


Сайыстың мақсаты: денсаулық сақтау аумағындағы қазіргі заманға сай науқастарға дәрігерге дейінгі, емдеу-профилактикалық сапалы көмек көрсетуді жүзеге асыруға, жаңа инновациялық технологияларды енгізуге байланысты «Ішкі аурулар және хирургия» пәндерінен студенттерді оқытуда ішкі ағзалардың негізгі ауруларын диагностикалауды, нозологиялық формаларға саралау диагностикасын жүргізуді, науқастарды тексеру жоспарын құру, тексерудің нәтижесін саралауға үйрету.

Сайыстың қорытындысы бойынша: I орын - 411 топ студенті А.Шаншархан; II орын - 411 топ студенті С.Ерғара; III орын - 313 топ студенті Ж.Бегманова, Г. Дүйсенова Мақтау қағаздарымен марапатталды. М.Ахметова, С.Дана белсене қатысқандары үшін Алғыс хат табысталды.



15.03.2022 ж. Колледжде «Мейіргер ісі» мамандығы «Жалпы практикадағы мейіргер» біліктілігі IV-курс топ студенттері арасында «Үздік мейіргер-2022» кәсіби сайысы өткізілді. Сайыс мақсаты: студенттердің теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын мамандығына сай менгеру, денгейлерін бағалау, мамандығына деген құзыреттілікті қалыптастырып, кәсіби жұмыс істеуге дайындау, теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана білуге және клиникалық ойлау қабілетін, зерделілік қасиеттерін дамыту. Сайыс қорытындысы бойынша;

I дәрежелі дипломмен 408 топ студенті Д.Тоқтарбай; II дәрежелі дипломмен 402 топ студенті А.Тоқанова; III дәрежелі дипломмен 408 топ студенті Қ.Қырықбай марапатталды. «Мамандыққа адалдығы» номинациясы бойынша 403 топ студенті А. Мәлік, «Ең үздік тәжірибелік дағдылары үшін» 407 топ студенті А. Отарғали, «Белсенді қатысқандығы үшін» 409 топ студенті Ұ. Аманкелді Алғыс хатпен марапатталды.



16.03.2022 ж. Колледжде «Емдеу ісі» мамандығы «Акушер» біліктілігі «Үздік акушер-2022» колледжішілік сайысы өткізілді. Сайыстың мақсаты: Студенттердің білімін «Акушерия» пәні бойынша тексеру. Болашақ акушердің теориялық білімі және тәжірибелік дағдыларының сапасын тексеру. Әр түрлі шұғыл жағдайда олардың тез арада дұрыс шешім қабылдап, жедел медициналық көмек көрсете білуі қабілеттерін тәжірибе жүзінде көрсету.



13.03.2022 ж. Колледждiң белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен «ANTIPARA - 2022» адалдық асыл қасиет тақырыбында колледжішілік квест ойыны өткізілді.

11 | ЭССЕ БАЙҚАУЫ




01.04.2022ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен "Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не?" тақырыбында "Мейіргер ісі", "Емдеу ісі бөлімінің I курс студенттері арасында ең үздік эссе байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты «Сыбайлас – жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке адалдыққа тәрбиелеу. Эссе байқауына төмендегі топтар қатысты: 104 М-9/21, 106М- 9/21, 111ЛФ - 9/21, 114 ЕФ - 9/21, 115С - 9/21, 118 ЕФ - 9/21, 123ЕФ - 9/21, 125ЛФ - 9/2.

12 | АШЫҚ ІС-ШАРАЛАР



17.03.2022 ж. Колледждiң жастар ісі жөніндегі комитетінің ұйымдастыруымен аспапта ойнайтын өнерлі студенттер арасында "Музыка жүрек тілі" атты сайыс өткізілді. Сайыс қорытындысы бойынша: I орын А.Ержан 119 топ студенті, II орын Ж. Кусакбаев, 124 топ студенті және А.Бітімбай 102 топ студенті, III орын Н.Шамғали 110 топ студенті және Мырзабек Ж. 103 топ студенті Дипломмен марапатталды. 108 топ студенті Ғ. Көмекбаевқа Алғыс хат табысталды.

13 | АКЦИЯ



13.03.2022 ж. Колледждiң белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен «ANTIPARA - 2022» адалдық асыл қасиет тақырыбында колледжішілік квест ойыны өткізілді.

14 | ТРЕНИНГ



04.03.2022ж. Колледж әкімшілігімен бірге «Біз бір командамыз!» тақырыбында тренинг өткізді. Мақсаты: топ құру және тиімді топтық жұмысты қалыптастыру. Тапсырмалар: адамдар тобын біріктіру арқылы жалпы командалық рухты қалыптастыру және нығайту;

ұжымда сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру; қолайлы психологиялық климатты қалыптастыру; топпен жұмыс істеу қабілетін дамыту. Өткізген: психолог Жетпісбаева Ж.Б.

15 | КЕЗДЕСУ




01.03.2022ж Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға енгізілген өзгерістер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің» Жамбыл облысы бойынша департаменті перевенция басқармасының бас маманы А.И.Ажибаев, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ техникалық және кәсіптік білім бөлімінің басшысы А.Ж.Жайлышеваның қатысуымен кездесу өткізілді.



Колледжде облыс әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы С.Берікқожамен TedX форматында "Ашық диалог" атты белсенді жастармен кездесу өтті. Кездесу барысында

жастармен ашық түрде әңгіме өрбітіп, олардың көкейінде жүрген сұрақтарға жауап берді, пікір алмасты. Жастармен жаңа идеялар талқылап, алдағы уақыттағы іс- шаралармен таныстырды.



30.03.2022 ж. Колледжде "Бизнестің жол картасы 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы тақырыбында кездесу өтті. Кездесуге арнайы Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік индустриалды - инновациялық басқармасының кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бөлімінің бас маманы Тұрсынбек Ислам жастарға кеңес берді.